Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

# Шет шұғыласы

80 жыл

Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті | Газет 1937 жылдан бастап шығады | Жұма 8 қыркүйек 2017 жыл №36 (10 657)




РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

● «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы

## Иманжүсіптің бүркіт салған Тағылы - Бұғылысы



“Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы” картасына ауданымызда енгізуге болатын көптеген жер-су атаулары бар. Газетіміздің өткен нөмірлерінің бірінде “Сары Баян” жотасы, “Есбай мазары” “Тылсымға толы Ұлы дала” тақырыбымен таңбалы, кестелі тастар жөнінде жазған болатынбыз. Сондай-ақ, “Кенесары асуы”, “Кенесары қорғаны” сияқты киелі жерлердің бар екені және белгілі.

Киелі жерлеріміздің тағы бірі Тағылы-Бұғылы. Яғни, әнші Иманжүсіп әнге қосқан Тағылы-Бұғылы.

Бұғылы мен Тағылы
бүркіт салғам,
Ұйпалақтап баурыңнан
түлкіңді алғам.
Ақтау, Ортау, Сарысу, -
жүрген жерім,
Көзімнен бұл-бұл ұшты дүние
жалған, - деп Иманжүсіп шырқаған әнді білмейтін адам кемде-кем. Тіпті осы әнді Елбасы Н.Ә.Назарбаев домбырамен шырқап еді. Қазақ жерінің әрбір жері мен тауына, өзен-көліне дейін өз әні, өз өлеңі бар екені даусыз.

Тағылы Қызылту ауылының маңайында орналасқан таулардың



жалпы атауы.

Тағылы тауларының ең биік шыңы Қонысбай биігі деп аталса, жекелеген таулар Алтай биігі, Қаражал, Сүлеймен, Мұқыр, Ақбиік, Қаражартас, Қосылбек, Сарыоба, Қызылбиік, Ортаала деп аталады. Бұл таулар Тағылы таулары болып басталып, әрі қарай С.Сейфуллин, Үңірек, Дәрия, Красная поляна ауылдарына қарай Бұғылы болып жалғасады, әрі олардың да жеке-жеке атаулары бар.

Жер бетіндегі өзен, су, тау, тастың бәрі де нақты есім-атауға ие. Сол сияқты “Тағылы-Бұғылы” да ерте заманнан иемденген топонимикалық-географиялық атау. Бабалардан қалған атау.

Әнебір жылдары отаршылдардан мұра болып қалған Красная поляна атауын өзгерту туралы мәселе көтерілгенде біраз талас болған еді. Ол дау баяғы қазақтың кісі атын, ру атын бергіштігінен туындаған еді. Көптің тілегі Бұғылы аталса екен болды. Ру, батыр атауын елдің, жалпы қазақтың мүддесінен жоғары қойып, тықпалаудың кесірінен көп нәрсеге қол жеткізе алмай келе жатқанымыз жасырын емес. Тағылы ауылдық округі бар, Бұғылы ауылдық округі болса жарасып-ақ тұрар еді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған игі іс бойынша Қазақстанның қасиетті орындарының картасы әзірленіп жатыр. Тағылы-Бұғылы да қазақтың киелі жерлерінің бірі. Оның қойнауында батыр да, ақын да мәңгілік тыныстап жатыр, ежелгі заманнан қалған ескерткіш белгілер де көптеп кездеседі.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**

● ЭКСПО жаңалықтары

## БЕЛСЕНДІ ЖҰМЫСЫ ҮШІН 100-ДЕН АСТАМ ВОЛОНТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

Астанада өткен волонтерлер форумында “ЭКСПО-2017” көрмесінің үздік еріктілеріне құрмет көрсетілді. Көрменің 100-ден астам белсенді волонтерлерін келесі санаттар бойынша марапатталды. Үздік бестік, «Алтын волонтерлер», Тим-Лидерлер, Үздік Белсенділер. Әлия Дәуренбекова, «Алтын волонтер» - Бәтима Құсаинова, шет елдік Италияндық волонтер - Матия Демарки, Диас Талғатұлы Үздік бестік қатарында. «Астана ЭКСПО-2017» ҰҚ» АҚ Басқарма Төрағасы Ахметжан Есімов және ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев аталған еріктілерге сертификаттар және естелік сыйлықтарды тапсырды. Өз сөзінде Ахметжан Есімов волонтерлер өз міндеттерін жоғарғы деңгейде орындағанын атап өтті.

- Волонтерлік қызмет Көрменің табысты өтуінің маңызды факторы және көрме жұмысының жеке функционалды бағыты болып табылады. “ЭКСПО-2017” көрмесі аясында барлығы 8,5 адам іріктеліп, арнайы оқытылды. Олардың 5,5 мың қызметкерлері көрме аумағында жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Астана қаласынан 2500-ден астам волонтерлер, Алматы қаласынан 900, ел өңірлерінен 1600 еріктілер жұмылдырылды. Сондай-ақ, Ресей, Қытай, АҚШ, Бельгия, Италия, Польша, Моңғолия, Қырғызстан және өзге мемлекеттердің волонтерлері өз үлесін қосты. Еріктілердің орташа жасы - 19 жас, ең үлкені - 70 жаста. Бұл «Алтын волонтерлер» деп аталатын 30 еріктілер. 60 волонтер көрме басталғаннан жұмыс істеуде және 4 күннен кейін Көрменің жабылу салтанатына қатысады. Көрменің жұмысы барысында 3 отбасылық жұп құрылғанын атап өтті.



Марапаттау рәсімі Әли Оқапов, Алмаз Кішкенбаев сияқты эстрада жұлдыздары мен волонтерлер қатысқан концерттік бағдарламамен жалғасты.

Көрменің 3 ай жұмысы барысында Қазақстанның 16 облысы және әлемнің 35 елінен келген волонтерлер 16 бағыт бойынша күніне 8 сағат бойы үш маусыммен өз міндеттерін атқарды.

**БАҚ KZ материалдарынан алынды.**



● Алтын орақ – 2017

## АУДАН ДИҚАНШЫЛАРЫНЫҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ ШЫҚТЫ

Биыл көктем жауынды болды. Әйткенмен жазда жауын мөлшері аз болғанын айтқан жөн. Егіннің шығымы ойдағыдай. Диқандар егінді сепкенде де, жинағанда да күннің қолайлығын тілейді. Биыл диқанның сондай тілегі болып тұр.

Ағымдағы жылы аудан диқандары көктемгі егіс науқанында 19 мың гектар алқапқа дәнді дақыл себуді жоспарлаған. Өткен жылы астық дақылдары 17472 гектар алқапқа себілген болса, биылғы жылы былтырғыдан 10 пайызға артық себіліп, дән сіңіру межесі толық орындал- ған болатын. Атап айтқанда 19077 га жерге дәнді-дақылдар себілді, оның ішінде 5965 га бидай, 12379 гектарға арпа, 733 гектарға сұлы, сонымен қатар, 989 гектарға картоп, 500 гектраға майлы дақыл (бұйра зығыр), 5828 гектарға көп жылдық шөп, 720 гектарға біржылдық шөп (судан шөбі) себілген.

Диқаншылықты бүгінде кәсіпкерлік деп ұғыну керек. Шаруашылыққа алдымен техника маңызды болса, жанар-жағар майсыз қандай да жұмысты көзге елестету мүмкін емес. Сондықтан диқандар алдымен техникасын, жанар-жағармайын қамдайтыны түсінікті жайт.

- Дала шаруашылығымен айналысып жүрген кәсіпкер үшін жиын-терін кезінде жанар-жағармай туралы әңгіме айту жараспайды, - дейді көнігі диқандар. Өйткені қазір дағдарысты еңсере алмай жүрген 90-шы жылдар емес. Мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып отыр. Атап айтқанда күзгі дала жұмыстарына арналған жанар-жағармаймен ауыл шаруашылығы құрылымдарына оператор ретінде «ГАЗойлПРОМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бекітіліп, С.Сейфуллин кентінде орналасқан «ҚарағандаПутьСервис» базасы арқылы және Қарағанды қаласындағы «ВитаМарс» жанар-жағармай бекеті арқылы шаруа құрылымдарына босатылып жатыр. Мәселен, шілде айында -125 тонна, тамыз айында -184, қыркүйекте -125 тонна, барлығы 450 тонна босатылды. Литрі 132 теңгеден бөлініп отыр. Жылдағы тәжірибе байқатқандай диқан техникасы мен жанар-жағармайын бүгін емес, алқаптың көгі енді көтеріліп келе жатқанда ойлайтыны белгілі.



Диқан қуанатындай жағдай бар. Күзгі науқан бойынша масақты дақыл алқабы 52,9 пайызға, немесе 10100 гектары орылып алынды. Оның ішінде 500 гектар бидай, 9500 гектары арпаны құрап отыр және сұлы 100 гектар, орташа түсімділігі бүгінгі күнде гектарына 9,1 центнерден айналуда. Орақ басталғалы күн ыстық болып тұр, бұл диқанның тілеуін тәңірісі жарылқады деген сөз. Егер осылай жалғаса берсе егін жинау уақытылы аяқталып, орташа түсім гектарына 8-9 центнерден айналары шүбәсіз, Диқан үшін пісіп тұрған егінді жауын-шашын салдарынан жинай алмаудан өткен қиыншылық жоқ. Жаңбырлы күні техникалар астық алқабында қаңтарылып тұрып қалады. Алқаптың кебуін тосқаны өз алдына, ондайда пісіп тұрған қатты бидайдың шынылығы, жұмсақ бидайдың қамырлылығы кеми түседі, сапасын жоғалтады. Диқандардың орақ кезінде күннің ашық болуын тілейтіні сондықтан.

Астық жинаумен бір мезгілде картоп жинау қатар өткерілуде. Бүгінге дейін 25 гектар, яғни 2,5 пайыз картоп алқабы жиналып, орташа түсімі гектарына 250 центнерден айналуда, бірақ астықпен салыстырғанда оларға асығыс жоқ.

Қысқа түсетін малдарға қажетті жемшөп дайындау өрістеуде. 2016 жылы 342,0 мың тонна дайындалса ағымдағы жылы 370,0 мың тонна пішен дайындалып отыр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 108 пайыз деңгейінде.

Жалпы ауданымызда биылғы егіннің көгі жаман болған жоқ, егін бітік шықты.

**Өз тілшімізден.**

Рухани жаңғыру 100 жаңа есім

**Жаңа жоба – жаңа есім**

# ТІРЛІГІ ТОЛЫМДЫ, ІСІ ҚОНЫМДЫ



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев елімізде мал тұқымын асылдандырып, ет, сүт өндіру көлемін молайту, сөйтіп, импортқа шығару көлемін барынша ұлғайтуды басты міндет, нақты жоспар ретінде қойғаны белгілі.

Осы орайда ауданымызда өз жеке шаруашылығын құрып, мал өсіріп, жеке кәсібін дөңгелетіп қана қоймай, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтып жүрген азаматтар баршылық. Солардың бірі де бірегейі "Жандос" шаруашылығының жетекшісі, мал шаруашылығын дамытуға айтарлықтай үлес қосып жүрген Мұқатаев Зияда.

«Жандос» шаруа қожалығы Ақжал кентінен 24 шақырым жердегі Ақшоқы қыстағында орналасқан. 2003 жылы шаруа қожалығы құрылғанда бар болғаны 2621 га жер болған. Қазір 21500 га жерге жетті. Шаруа қожалығының даму жолы сонау 1998 жылдан бастау алады. Тынымсыз еңбек пен іскерлігінің арқасында іргелі шаруашылыққа айналдырды, мал шаруашылығы кешенін салып, 2012-2015 жылдары Ресей мемлекетінің Алтай өлкесінен 610 бас (594 бас тайынша, 16 бас бұқа) асыл тұқымды симменталь ірі қара малдарын сатып әкелді. 2016 жылы «Асыл түлік» мал тұқымын асылдандыру республикалық орталығымен селекция- лық асылдандыру жұмысына ғылыми сүйемелдеуге келісім-шарт жасасты. Сонымен қатар, "Мұғалжар" тұқымынан 5 айғыр мен 156 бие, өткен жылы ет тұқымды 2 айғыр, 7 асыл тұқымды бұқалар сатып алынды.

400 бас «Симменталь» тұқымды ірі қараға арнап мал бордақылау алаңы мен мал сою цехының құрылысын аяқтаса, 500 бас асыл тұқымды «Мұғалжар» жылқысын өсіруге, 600 бас ірі қараға арналған сүт-тауарлы фермасының құрылысын бастаған. Ал, қымыз өндіретін цехы 2016 іске қосылып, «Нәрлі» атауымен сатылымға шығып жатыр. Шағын сүт өндіру зауытын іске қосып, айына 30 тонна сүт өнімдерін өндіруді жоспарлап отыр.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін терең сезінген кәсіпкер көп балалы аналарға, жағдайы төмен отбасыларға, мектептерге үнемі көмек қолын созып, түрлі қайырымдылық шаралардан тыс қалған емес. Одан бөлек, 2015 жылы Кенесары батырларының бірі Бодық батырдың мазарын қайта қалпына келтіріп, жаңартты. Алда Нұрлан Жомарттың мазарын қайта қалпына келтіруге атсалыспақ.

Бүгінгі күні шаруашылық қажетті заманауи техникалармен жабдықталған.

Білікті кәсіпкер көптеген адамды жұмыспен қамтып, олардың ешнәрседен тарықпай өмір сүруіне барлық жағдай жасап келеді. Олар үшін 5 тұрғын үй, монша, жатақхана, қонақүй, асхана, кір жуатын орнымен тағы басқа да қажеттінің бәрі бар. Сондықтан да шаруашылықтың әр саласында еңбек етіп жүрген жұмыскерлер оған дән риза.

Зияда Мұқатайұлына кәсібіңіз одан әрі өрлей берсін деп, еңбегінің жемісін көруіне тілектеспіз.

**Өз тілшімізден.**



**Аудан әкімдігінде**

# БЕРІЛГЕН ТАПСЫРМАЛАР ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Жуырда аудан әкімі М.Жандәулетовтің төрағалығымен кезекті кеңейтілген аппарат отырысы өтті. Отырысқа аудандық мәслихат хатшысы Б.Төлеуқұлов қатысып отырды.

Күн тәртібіндегі «Ауданның жедел және ағымдағы жағдайы туралы» аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин хабарлама жасады. Күзгі әскерге шақыру маусымы басталғанын, мұнан бұрынғы шарада орын алған келеңсіз жайттардың қайталанбауын, ол үшін бірлесіп жұмыс жасау қажеттігін атады. Сондай-ақ, әлеуметтік мәселені анықтау мақсатындағы жұмысты ширату қажеттігіне тоқталды. Қазақстандық қоғамға зор серпіліс әкелген Елбасының бағдарламалық мақаласында қамтылған еңселі бастамалардың бірі «Туған жер» бағдарламасы жайында баса айтылды. Туған жердің тұғырын нығайтып, тұрмысын жақсарта түсуге бағытталған бұл бағдарлама Өспен ауылдық округінде ғана кеңінен өрістеген. Басқа жерлерде қимыл, қозғалыс байқалмауда. Бұл бағытта жұмысты жандандыру қажеттігі аталды.

Аудан әкімінің орынбасары М.Жұмкин қазір аудан бойынша дәнді-дақылдар түсімі гектарына 7 центнерден айналып отырғанын, есептік көрсеткіште 3 жыл қатарынан төменгі нәтиже қойылса, егістік алқап ұтымды пайдаланылмауда деген бір жақты көзқарас қалыптасатынын атап өтті. Сондықтан шаруа қожалықтары статистикаға мәлімет тапсыдарда осыған абай болуға шақырды.

Сондай-ақ, дала өртінің өршіп тұрғаны, оның алдын алу қажеттігін, әкімдердің әр қожалық бойынша мал басы көрсеткіштері жөнінде ақпарат беруі керектігін атап өтті. Қанша мәрте айтылғанымен бұл жұмыс әлі аяқсыз қалуда.

Осы орайда аудан әкімі олай болса бір ауылдық округті алып, барлық көрсеткішті басынан аяғына дейін не істеп, не тындырылғанын тізіп алыңдар.Жұмысты солай жүргізіңіздер,- деді. Отырыста күн тәртібінде көтерілген мәселені қорытындылаған аудан әкімі тапсырылған іске жауапкершілік тұрғысында қарау қажеттігін атап өтті.

**Өз тілшімізден.**

**Имандылық иірімдері**

# ҚҰРБАН АЙТТАҒЫ ІЗГІ ІСТЕР

С.Сейфуллин атындағы кентте құрбан айт ізгі істермен басталды. Кентіміздегі Күмісбек молла атындағы мешіті өз қорынан жыл сайынғы дәстүрмен жаңа оқу жылы қарсаңында аз қамтылған отбасы балаларына сабақ қажетті құрал жабдықтарды тегін беріп отырады. Биылғы жылы да Құрбан айт мерекесімен түспа түс келген Білім күні мерекесінде де мешіт ұжымы сабаққа арналған барлық құрал жабдықтарға толы мектеп сөмкелерін 5 отбасыға тегін беріп, жағдайы төмен, жұмыссыз, көп балалы 5 отбасыға бір-бір қап ұннан таратты. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысының ардагері Шакенов Сәкібай ақсақал және кент тұрғындары құрбандыққа шалған мал етін 17 отбасыға үлестірді. Соғыс ардагері мен кенттің азаматтарының осындай ізгі істеріне разы болған кенттің Күмісбек молла атындағы мешіт имамының міндетін атқарушы Адамбеков Мұрат қажы мен ауыл тұрғындары алғыстарын білдірді.



**Бөбек ӘМРИМОВА,**
**С.Сейфуллин кенті.**

# АЙТ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛДЫ

Құрбан айт мерекесіне орай өткізілген спортық ойындардың ашылу салтанатында аудандық Жанкұтты би мешітінің бас имамы Берік Алпысбайұлы сөз сөйлеп, ислам діні - барлық істе салиқалылық пен сабырлылыққа үндейін, адамзаттың ізгі құндылықтарын уағыздайтын ата дініміз астамшылыққа, өзгеге қиянат жасауға жол бермейтіндігін айта келіп, ұлысты ұйыстыратын ұлағатты дініміз халқымыздың ұлттық дәстүрімен үйлесіп, ғасырлар бойы ізгі мақсаттарға қызмет етіп келе жатқанын айтып, қатысушыларға сәт сапар, ақ жол тіледі.



Осы мереке күні аудандық орталық мешіт, спорт бөлімі, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі және жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен қазақтың ұлттық ойындары асық ату, арқан тарту, кір тасын көтеру, қол күрестен жарыстар өткізілді. Мәселен асық атудан үшінші орынды Қ.Үкенов иеленсе, екінші орынға М.Серікбаев қол жеткізді, ал жүлделі бірінші орынды Ә.Мейрам жеңіп алды. Кір тасын көтеруден үшінші орынды Е.Садыбеков иеленсе, екінші орынға А.Рысбай қол жеткізді, ал, жүлделі бірінші орынды А.Жампейісов жеңіп алды.

Қол күресінен үшінші орынға Н.Жәкіжанов ие болса, екінші орынға А.Жанпейісов қолжеткізді, ал, жүлделі бірінші орынды А.Бөлкенбаев жеңіп алды. Арқан тартыста командалық есепен үшінші орынды Ақсу-Аюлы командасы иеленсе, екінші орынды мешіт жамағаттары қол жеткізді. Ал, жүлделі бірінші орынды балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің командасы жеңіп алып, мерейлері үстем болды. Жарыс соңында жеңімпаздарға Жанкұтты мешітінің бас имамы Берік қажы мен спорт бөлімінің басшысы Ж.Сәтибеков, жастар ресурстық орталығының маманы И.Жақыповтар құттықтау тілегін білдіріп, марапаттау рәсімін жүргізді.

**Жастар ресурстық орталығы.**

**Имандылық – асыл қасиет**

# МҰСЫЛМАН ҚАУЫМНЫҢ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Жаратушы иеміз белгілеп берген екі мейрамның ұлығы, айтулы мереке - Құрбан айт мерекесіне де келіп жеттік. Барша мұсылман қауымы асыға күткен қасиетті, ұлық мереке - Құрбан айт мерекесі аудан орталығындағы Жанқұтты мешітінде айрықша аталып өтті.



Айт намазын оқу үшін жиналған жамағатқа мешіт іші толы болды. Ауданның бас имамы Берік қажы Алпысбайұлы көпшілікке құрбан айттың мән-мағынасын түсіндіріп уағыз айтты.

Бұл күндердің ұлылығы сол - мұнда адам баласы өз жаратушысына барынша жақындай түсуге мүмкіндік алады. Құрбандық шалуды тек мал сойып, қан шығару деп қана емес, Алланың рақым - мейіріміне қол жеткізудің бірден - бір жолы деп түсінген абзал. Саналарына имандылық нұрын сіңірген, айт намазына жиналған көпшілікті жазушы, қажы Кәмел Жүністегі құттықтап, дұға тілектеріміз бен сауапты істерімізді Алла Тағала қабыл еткей, - деп тілек тіледі. Мұнан соң бас имам Берік қажы жамағатпен айт намазын оқыды. Намаздан соң ақсақалдарға мешіт асханасынан құдайы дәм берілді.

Тарихқа жүгінетін болсақ, ертеректе бабаларымыз өз дәрежесінде ән-жыр айтып, алтыбақан теуіп, қазақтың ұлттық ойындарын жаңғыртып, салт-дәстүрді дінмен ұштастырып үлкен дайындықпен ұйымдастырған. Айт намазының соңы спорттық жарыстарға ұласып, жастар арқан тартып, кір тасын көтеріп, асық ату, қол күресінен бәсеке көрігін қыздыра түсті.

Ислам дінінің құндылығы мен салт-дәстүрді ұштастыра тойланған мереке жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге, оларға өнеге көрсетуде үлкен септігін тигізері сөзсіз. Сол күні арнайы мал сою алаңында ветеринар мамандардың қадағалауымен құрбан шалынды. Құрбан шалушылар қатары барынша мол болды.

Иә, Құрбан айт елді қайырымдылыққа, мейірімділікке, ізгілікке үндеп, арыздасқандарды татулыққа шақыратын, елді біріктіретін, достық сыйластық секілді қасиеттерін арттыра түсуге себепші болатын ұлық мереке.

**Б.ТОЙШЫБЕК.**

# ҚАСИЕТТІ МЕРЕКЕ АТАЛЫП ӨТТІ

Құрбан айт күллі мұсылман қауымы үшін қасиетті мереке екені мәлім. Ақадыр кентінің мешітінде аталып өткен бұл мерекеге таңсәріден ақсақалдар мен апа-әжелер, орта буын өкілдері мен жастар көп жиналды.



Мешіттің бас имамы А.Кешубаевтың жиналған жамағатқа айтқан Құрбан айт туралы әсерлі уағызынан соң, айт намазы оқылып, ақсақал А.Қадрин берген батаға қалың қауым қол жайды. Бұдан соң бас имам Құран оқып, жамағатқа кент әкімі Д.Кәрсембаев құттықтау тілегін білдірсе, ақсақал С.Қанатбаев бата қайырды.

Мекеме басшылары, шаруа қожалықтары 15 шақты қой құрбандыққа шалып, әлеуметтік жағдайы төмен 40 отбасына таратылып берілді.

Мерекеде бас имам сөз алып, ниет-пейілдеріңізді, шалған құрбандықтарыңызды, жасаған жақсылықтарыңызды Алла тағала қабыл еткей-деп жиналған мұсылман қауымға ризашылығын білдірді.

Қасиетті Құрбан айт мерекесінің үшінші күні «Ақадыр қайырымдылық қоры» ұйымының төрағасы Мерей Жасұланұлы мен бас имам Азамат Серікұлы мешіт үйінде әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың 20 баласына киім-кешектер, оқуға қажетті құрал-жабдықтар таратып, артылған оқу құрал-жабдықтарды мектептерге үлестіріп, елге үлгі болып, қаржылай демеушілік көрсеткен «Локомотив транс» ұжымының құрылтайшысы Оркен Жақсылықұлы Нұрсейітовке зор алғыстарын білдірді.

**Ш.МҰҚАЕВ,**
**Ақадыр кенті.**

# ЛОВУШКА ДЛЯ ДОВЕРЧИВЫХ

**Мошенники существовали всегда, однако XX век преподнес человечеству новую форму отъема денег, при которой доверчивые люди сами несут кровно заработанные средства злоумышленнику. У карагандинцев до сих пор на слуху случай с финансовой пирамидой «Optovka», в результате деятельности которой пострадало более 700 человек, а финансовый ущерб по итогам аудиторской проверки составил почти 2 миллиарда тенге.**

Собственно говоря, финансовая пирамида - это структура, действующая за счет вкладов физических лиц, которые стремятся в короткие сроки получить выгоду и значительные проценты от своих вложений. Стоит заметить, что выплаты процентов таким плательщикам осуществляется не за счет полученной от инвестиций прибыли, а за счет вкладов следующих участников. Таким образом, деньги, вращающиеся в пирамиде, на самом деле ничем не подкреплены, а потому рано или поздно, такая структура не сможет обеспечить выплаты всем участникам, причем не только процентов, но даже непосредственно вкладов. Так вот, чтобы вступить в пирамиду, нужно внести вступительный взнос. Задачей данного «уникального способа заработка» является привлечение новых участников, готовых внести денежные средства, и за счет которых вам перепадет определенный процент. Затем в определенный момент организатор, накопив некоторую сумму, еще и придержав ненадолго выплаты, чтобы сумма стала еще больше, испаряется со всеми деньгами. В результате в прибыли остаются лишь самые верхние слои пирамиды, а участники, пришедшие позже, остаются ни с чем.

Первый зафиксированный факт создания финансовой пирамиды восходит к началу 1920-х годов в США. Она появилась благодаря изворотливому уму Чарльза Понци, эмигранта из Италии, и ее крах сопровождался небывалым скандалом. Сопоставимый по размаху случай произошел в 1990-х годах в Албании, это была настоящая трагедия. Семь крупных пирамид привлекли около двух миллиардов долларов, что составило 30% годового ВВП страны. После краха пирамид в 1997 году правительству пришлось привлекать армию к наведению порядка и усмирению разгневанных вкладчиков. Погибли люди, а правительство страны было вынуждено уйти в отставку.

Не избежало этого явления и постсоветское пространство. Так, в 1992 году начал свою деятельность АОЗТ «Русский дом Селенга», который в последней своей стадии превратился в финансовую пирамиду. До 1997 года контракты заключило около двух с половиной миллионов человек на сумму почти 3 триллиона неденоминированных рублей. В 1993 году АООТ «МММ» зарегистрировало свой первый проспект эмиссии акций, которые начали активно продавать в феврале 1994 года. Деятельность «МММ» впоследствии была охарактеризована как финансовая пирамида, от которой пострадало по разным оценкам 10-15 миллионов вкладчиков. В 1993 году появилась ТОО «Инвестиционная компания «Хопер-Инв ест», которая просуществовала до 1997 года и задолжала 8 миллиардов неденоминированных рублей. В 1993—1994 годах компания «Властилина» в Московской области обманула вкладчиков на сумму 550 миллиардов рублей. Также одновременно с «МММ» действовала компания «Негосударственный региональный пенсионный фонд «Север», финансовая пирамида в виде пенсионного фонда. Сейчас финансовые пирамиды все больше ориентируются на Интернет-пользователей. Так, одной из самых крупных Интернет-пирамид в истории стала организованная создателем «МММ» Сергеем Мавроди виртуальная биржа «Stock Generation ».

Среди пострадавших от финансовых пирамид — и тысячи казахстанцев. Так, полицейские сообщали, что за последнее десятилетие в Казахстане пресечена деятельность свыше 20 различных финансовых пирамид. Число пострадавших от действий мошенников превысило 5 тысяч человек. В частности, два года назад такие данные приводились в комитете Мажилиса по законодательству и судебно- правовой реформе. К примеру, в 2012 году в Кокшетау было осуждено руководство микрокредитной организации ТОО «КазРосИнвестПроект», которые разработали схему незаконного хищения средств граждан под названиями «Касса взаимопомощи» и «Клуб миллионеров». В качестве пострадавших по данному делу были признаны 2647 человек. Сумма ущерба от действий мошенников составила свыше 603 миллионов тенге.

В 2014 году сотрудниками ДВД Западно-Казахстанской области выявлена и ликвидирована финансовая пирамида, созданная для хищения денежных средств в особо крупных размерах у предприятий и предпринимателей малого и среднего бизнеса. Жительница города Уральск в течение 5 лет заключала с юридическими лицами фиктивные соглашения о предоставлении им грантов USAID на развитие среднего и малого бизнеса. Общий ущерб, причиненный обманутым предпринимателям, составил более 1 миллиарда тенге, которые были обналичены через банки второго уровня. В 2015 году житель Восточно-Казахстанской области в одиночку создал финансовую пирамиду, в которую вовлек более ста человек, и получил 300 миллионов тенге. В том же году мужчина из Атырау, открыв ТОО «Playtcoin» и не имея разрешения на проведение банковских операций, принимал от горожан денежные вклады. Всем клиентам компания обещала ежемесячные бонусы в размере 30 процентов от вложенной суммы. В результате деятельности финансовой пирамиды пострадали 134 человека, нанесенный им общий ущерб составил свыше 83 миллионов тенге. В 2016 году жертвами финансовой пирамиды в Алматы стали более 700 человек, а общая сумма нанесенного ущерба достигла 461 миллиона тенге. И это только отдельные примеры...

В настоящее время по делу финансовой пирамиды «Optovka» ведется досудебное расследование. Установлено семь подозреваемых, руководитель фирмы Елена Колесникова содержится под стражей. Также полицейские заблокировали несколько счетов Елены Колесниковой. В частности, было установлено, что оборот денег на них составлял свыше трех млрд тенге, кроме того, у женщины были изъяты четыре машины. Ее арест вызвал нездоровый ажиотаж у целого ряда вкладчиков: как сообщили в прокуратуре Октябрьского района Караганды, в социальных сетях и мессенджерах появились призывы к организации митингов. Однако большинство вкладчиков приняло разумное решение, попросив привлечь Елену Колесникову к уголовной ответственности. Сообщается, что возврат средств потерпевшим будет осуществляться после вынесения судебного решения.

Каким же образом избежать попадания в ловко расставленные сети? У финансовой пирамиды есть несколько отчетливых признаков. Во-первых, это выплаты участникам пирамиды, четко не связанные с объемами продаж.

Во-вторых, наличие рекламы, обещающей процентные выплаты с уровнем дохода заведомо выше среднего по рынку заимствований. Зачастую обещается отсутствие риска при относительно высокой доходности, при этом не предоставляется никакой конкретной информации, которую можно перепроверить на основании данных из независимых источников. В-третьих, использование специфических терминов, вроде «форекс»,«фьючерс», «трейдинг» и тому подобных, которые могут быть непонятными непрофессионалам. В-четвертых, существенная плата для стартового участия, но, тем не менее, доступная широкому кругу лиц (к примеру, $ 300—500). Это позволяет охватить широкую массу, которая легко смирится с потерей таких средств без обращения в судебные органы.

Необходимо всегда помнить, что халявы не бывает. Что никто не станет из чистого альтруизма устраивать «аукцион невиданной щедрости». Что все думают исключительно о своей выгоде. Именно поэтому лучше доверять банкам, которые честно все декларируют, выдают отчетности и нужную информацию, а также возвращают деньги в ходе судебного разбирательства, если что. Да, процент намного ниже, но зато надежнее.

**Ш.МУКАЕВ.**

# АЛТЫН ШАПАҚ ШАШЫРАТЫП КӨГІНЕН, КҮЗ КЕП ЖЕТТІ САҒЫНЫШТЫ СЕЗІММЕН, БАЛАПАНДАЙ ҰЯСЫНА АСЫҚҚАН, ШӘКІРТТЕРІН ШАТТАНДЫРЫП СЕНІММЕН



## БІЛІМ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ САЛТАНАТЫ

Жомарт күздің алғашқы күнімен жететін білім күніндегі қоңырау сыңғыры ұстаздар мен шәкірттердің ғана емес алтын ұя-мектептен түлеп ұшқан кез-келген азаматтың көкірегіне мейірім шуағын ұялатар мейірімді мереке екендігі сөзсіз. Қыркүйектің екінші жұлдызында жас балдыр- ғандарға есігін айқара ашатын, білім нәрімен сусындатар білім ордаларында «Алғашқы қоңырау» салтанатты айрықша жағдайда атап өтілді. Ақжал кентіндегі Ш.Батталова атындағы орта мектебінде аталып өткен салтанатты жиынға ата-аналар, ұстаздар, мереке қонақтары көптеп жиналды. Мерекеге арнайы келген аудан әкімі М.Жандәулетов мектеп оқушыларын, ұстаздарды және мектеп табалдырығын аттаған жас бүлдіршіндерді Білім күнімен құттықтап өтті.

- Құрметті ұстаздар, ата - аналар мен мектеп оқушылары! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке-Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: "Біз білім - ғылым саласында бәсекеге қабілетті болмасақ, өз мақсатымызға жете алмаймыз. Барлығы мектептен, ал Қазақстан үшін ауыл мектебінен басталады", - деген болатын. Себебі, әлемдік өркениетке бет алған бүгінгі қазақ елінің болашағы білім мен тәрбие алауын жаққан мектеппен тікелей байланысты екені айқын. Ауданымыздағы тағылымды тарихы бар білім ошақтарының бірі - Шәрбану Батталова атындағы мектеп өзіндік дәстүрі бар білім ордасы.

Бұл мектеп өзінің өнегелі өмірімен, ұлағатты ұстаздары және де қияға қанат қағып, еліміздің әр аймағында түрлі салаларда үлкен қызметтер атқарып, ауданымыздың мақтанышына айнала білген түлектерімен ерекшеленеді. Ұйымшылдығымен, біліктілігімен мектеп мұғалімдерінің тынымсыз адал қызметтері де өз жемісін беруде. Мектептің білім сапасы жыл сайын арта түссе, шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы атанып, үлкен нәтиже көрсетуде. Осындай жетістіктерге бастап отырған мектеп ұжымына қашанда айтар алғысымыз зор. Баршаңызды осындай қуанышты, айтулы мерекемен тағы да құттықтай отырып, ұстаздарға шығармашылық табыс, шалқар шабыт пен сәттілік, ал, оқушыларға мектеп қабырғасында сапалы білім алып, зерделі, дарынды, талантты тұлға болып қалыптасуды тілеймін, - деген игі тілегін білдіріп, 2016-2017 жылғы оқу жылының нәтижесі бойынша "Үздіксіз ізденіс ұйымы" номинациясымен құттықтап, арнайы дипломды табыс етті.

Бұдан соң «Нова-Цинк» кәсіпорнының бас директоры Асан Юржанұлы мен мектеп директоры Ш.Карбозовалар келешегіміздің кілтін ұстар шәкірттерге еліміз бағдарлаған биік мұраттарды жүзеге асыруда зор үміт артатындығын айтып, ұстаздар қауымына өскелең ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жолындағы еңбектеріне табыс тіледі.

Білім күні мерекесі ән мен жырға ұласып, жаңадан келген кадет сыныптарының сарбаздары ант қабылдады.

**Өз тілшімізден.**

---

Ақадыр кентінің Ә. Ермеков атындағы және М. Мәметова атындағы мектептерінде, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінде білім күні мерекесі бір уақытта басталды. Жылдағыдай білім мерекесін қуана қарсы алған оқушылар алтын ұя мектептеріне ағылды. Білім шаңырақтарының алаңдарында алғашқы қоңырау мерекесіне жиналған қалың қауым салтанатты түрде сапқа тізіліп, мемлекетіміздің Туы әкелініп, еліміздің тын белгі иегерлері Анар Өмірзақ, Санжар Каханов сияқты мектеп түлектері алтын ұя мектептеріне ыстық ықыластарын білдіріп жатты.

Мектеп табалдырығын алғаш рет аттағалы тұрған бүлдіршіндер балауса жырларын оқып, Б.Абаханов «Оқуда озат боламын» әнін орындады. Бір топ бала мың бұрала би билеп, бір бала кітап көрмесінен әр түрлі кітаптарды және ең




## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДАН БАСТАУ АЛҒАН - БІЛІМ КҮНІ

Әнұраны шырқалып, 1 сыныпқа келген бүлдіршіндер ортаға шақырылды.

Ә.Ермеков атындағы мектептің «Рухани жаңғыру бастауы- Сыңғырла алғашқы қоңырау» атты салтанатты жиынында мектеп директоры Г.Тағаева, ұстаздар қауымы мен шәкірттерді жаңа оқу жылымен құттықтап, игілікті табыстар тіледі. Білім күні мерекесінде кент әкімі Д.Кәрсембаев білім ордасына алғаш келген бүлдіршіндерге ақ жол, ұстаздар мен шәкірттерге толағай табыстар тілеп, жаңа оқу жылымен құттықтады. Сондай-ақ, ақсақалдар алқасының төрағасы С. Алпысбаев, мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы Бауыржан Макишев, ардагер ұстаздар Жамал Есімғалиқызы, Бекен Әбдіхалыққызы, Бану Қожахметқызы құттықтау лебіздерін білдірді. Еліміздің мақтанышы, самбо күресінен Азия чемпионы Санжар Балғымбеков және алсоңында мектептің 80 жылдық бүкіл тарихы тізілген зор кітапты қалың қауымның көз алдына алып шығуы арқылы мектеп мерейтойын жарқырата көрсеткен көрнекті флешмоб мерекенің салиқалы сәніне айналды. 11 сынып оқушысы Марғұлан Түстікбай мен 1 сынып оқушысы Арайлым Сүлейменова алғашқы қоңырау соғу рәсімімен мереке сәнін үстей түсті.

Биылғы жылы Ә. Ермеков атындағы мектептің 1 сыныптарына 30 бала барса, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 1 сыныптарына 99 бала және М.Мәметова атындағы мектептің 1 сыныптарына 31 бала барып, мектеп табалдырығын алғаш рет аттады. Білім мерекесі мектептердегі алғашқы сабақтармен жалғасты.

**Ш.МҰҚАЕВ,**
**Ақадыр кенті.**

---

## СЫҢҒЫРЛА КҮМІС ҚОҢЫРАУ

Бала үшін мектеп үлкен өмірге алып кірер киелі босаға болса, ата-ана үшін ол ұрпағына қатысты ең асыл арманына үміт жалғайтын қасиетті ұғым. Сондықтан да халқымыз қашан да білімнің парқын түсіне білген. Жылдағы дәстүрге сай "Білім күні" мерекесі Ж.Ақылбаев атындағы мектеп гимназиясында аталып өтті. "Сыңғырла күміс қоңырау" тақырыбындағы іс-шара басталарда егемен елдің болашақ ұрпақтары, мектепке енді ғана қадам басқан бірінші сынып оқушылары алғашқы ұстаздары А.Аманбекова, Ж.Жүнісова, А.Шәкенова, Қ.Сахиевалармен бірге қошеметпен ортаға шықты. Білім күніндегі салтанатты мерекеде Әнұран орындалғаннан соң, мектеп басшысы Қ.Биғожинге сөз берілді. Оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтаған мектеп басшысы, еліміздің ертеңі күнгі жасампаз істер білімді, саналы, бәсекеге қабілетті азаматтармен ғана еңсерілетіндігін тілге тиек етіп, мектеп мұғалімдеріне толағай табыстар тіледі. Бұдан соң аудандық мәслихаттың хатшысы Б.Төлеуқұлов сөз алып, еліміздің келешегі бүгінгі ұрпақ екені баршамызға мәлім. Алтын ордамыздың табалдырығын алғаш рет аттағалы тұрған 1-сынып оқушыларына құтты қадам



тілеп, еліміздің көк байрағын аспандататын, келешекке нық қадам баса алатын білімді де саналы азаматтары бола біліңдер,- деген игі тілегін білдірді.

Биылғы оқу жылында 11-сыныпқа қадам басып отырған түлектеріміз Аида Құлсариева, Аружан Тәңірбергеновалар мектеп табалдырығын алғаш аттағалы тұрған 1-сынып оқушыларына құттықтау тілектерін арнады.

Мерекеде 1 «в» сынып жетекшісі Қ.Сахиева, ата-аналар атынан Т.Нұрбековалар игі жарды тілектерін білдірсе, мектептегі «Кәусар» тобы «Мектебім» әнін әуелете шырқап, жиналғандарға қуаныш сыйлады.

Мерекелік жиын соңында алғашқы қоңырауды 1 сынып оқушылары Жаннұр Аманжанова мен Медина Сағатжан, 11 сынып оқушылары Абылай Бабаханов, Санжар Әсеттер сыңғырлай соғып, мерекені аяқтады.

**Өз тілшімізден.**

---

## БІЛІМ МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ

Білім күні - жас жеткіншектер үшін үлкен мереке. Бұл күн мектеп табалдырығын алғаш аттаған әрбір оқушының жадында мәңгі сақталып қалатын күн. Олар алтын ұя - мектебіне тарыдай болып кіріп, таудай болып шығады. Сол үшін де оқушы аяулы ұстазы мен мектебіне қарыздар.




Екінші қыркүйек күні айтулы мерекені Жарық жалпы орта білім беру мектебінің ұжымы бар сән-салтанатымен қарсы алды. Білім күнінің мақсаты- Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» патриоттық идеясын, «Рухани жаңғыру» мақаласын насихаттау, оқушылардың бойында қазақстандық патриотизм қалыптастыру, қазақстандық мектептердің дәстүрлерін насихаттау, рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру бағытында өтті. Мектеп директоры Г.Қызылова Білім күні мерекесінің мәні мен мазмұны туралы айта келіп, барша қауымды мерекелерімен құттықтады. Білім күніне арналған мерекенің құрметті қонақтары кент әкімі Б.Серіков, аудандық мәслихат депутаты А.Балғабеков, кенттік ақсақалдар кеңесінің төрағасы Т.Әбеуов, темір-жол саласының еңбек ардагері Т.Үмбетов, ардагер ұстаздар сөз сөйлеп, оқушыларға, ұстаздар қауымына жылы тілектерін білдірді. Жыл сайын мектебіміз жас мамандармен толығып отырады. Білім бөлімінің жолдамасымен келген Қ.Сәкен, Д.Серікбаева өздерінің лебіздерін білдірді.

Әдемі тілектен соң мектеп табалдырығын аттаған жас бүлдіршіндер, 1 сынып оқушылары мектепке, ұстаздарға деген ыстық ықыластарын, лебіздерін өлең жолдарымен жеткізді. Мереке соңы «Мен - өз елімнің патриотымын» тақырыбындағы сабақтарға ұласты.

**Г.ЖҰМАБЕКОВА,**
**мектеп директорының тәрбие істері жөніндегі орынбасары.**
**С.Сейфуллин кенті.**

---

## СӘЛЕМ САҒАН СҮЙІКТІ, АЛТЫН ҰЯ МЕКТЕБІМ

Қолдарына гүл шоқтарын ұстаған жас бүлдіршіндердің қуанышында шек жоқ. Ата-аналарымен бірге бірінші сынып табалдырығын аттаған бүлдіршіндер аудан орталығындағы білімнің қара шаңырағы Ы.Алтынсарин атындағы мектеп - гимназиясының ауласына жиналды. Жоғары сынып оқушылары да жаңа оқу жылымен бір-бірін құттықтауда. Салтанатты жиынға ардагер - ұстаздар мен шақырылған қонақтар да келген. Мерекені ашқан жүргізушілер барлық жиналған қауымды құттықтап, мектеп табалдырығын аттаған жас бүлдіршіндерге құтты қадам тіледі. Бұдан соң Қазақстан Республикасының Әнұраны шырқалып, ҚР Мемлекеттік туы көтерілді. Мектеп директоры Д.Бақаев жаңа оқу жылында сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында еңбек етіп жүрген ұстаздарға шығармашылық табыстар тілеп, Білім күніне арналған салтанатты жиынға келген ата-аналарды, мектеп оқушыларын жаңа оқу жылымен құттықтады. Өз кезегінде сөз алған аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин - Құрметті қуаныш иелері! Елдің ертеңі, жарқын болашағы өздеріңсіңдер. Дәл қазір сендердің білім мен өнерді, спортты үйренетін кездерің. Алтын уақыттарыңды пайдалы істерге жұмсауға үйреніңдер. Елбасымыз Н.Назарбаев мұғалім балаларды қалай тәрбиелесе, мемлекетіміз солай



болады" деген болатын. Ендеше сол ертеңгі елдің тізгінін ұстайтын балаларымыз білімді, білікті азамат болып қалыптассын,- деді. Салтанатты шараға келген жергілікті жазушы К.Жүністегі, ауданымыздың мақтанышы, Әлем чемпионы Б.Қанжанов, көп жылдар еңбек еткен, қарт ұстаз С.Тұрмахановалар сөз алып, еліміздің ертеңі жас бүлдіршіндердің қадамына құт тілеп, сабақты жақсы оқып, сапалы білім алуларына және ұстаздардың еңбегіне табыс тіледі.

Мереке соңында 1 сынып оқушылары «Алтын ұя, мектебім» әнін шырқаса, мектептің жас әншісі Ж.Медиева «Қазақстан» әнін көпшілікке ұсынды, ал, "Әсем-ай" бишілер тобы мың бұрала би биледі.

Жиын барысында алғашқы қоңырау соғылып, білім ордасының ұстаздары оқушыларға арналған алғашқы сабақтарын бастап кетті.

**Өз тілшімізден.**

**Жыр дәптерінен**

**Қуаныш АМАНҚҰЛОВ,**
**1987 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында дүниеге келген.**
**Облыстық, аймақтық жыр мүшәйраларының жеңімпазы. Қазіргі уақытта облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы болып еңбек етеді. Жас ақын, әрі әріптесіміз Қуаныштың бір топ жырларын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.**



## СҰЛУЛЫҒЫН ЖЫРЛАУҒА ТІЛІМ ЖЕТПЕЙ

Алатау қарт, қарлы шың қазандағы,
Қашықтан қол бұлғайды жаз алдағы.
Керекулік кез еттім Керім қызды,
Жүрегімнің жыры мен әз-арманы.

Буырқансам, сезімнен бір ұшқын ап,
Тулап көзге түспеуім дұрыс бірақ.
Ақ дидары - ақпанның ақ мамығы,
Ал күлкісі - көктемгі күміс бұлақ.

Көгіме - Күн табылды, аспаныма - Ай,
Қолаң шашы... шашын-ай... шаштарын-ай...
Иығына төгілсе, ағып жатқан,
Сарқырама секілді тасқа құлай.

Шаттық үні шықпады шаһарды асқан,
Соңымызда із қалмай қатар басқан.
Сұлулығын жырлауға тілім жетпей,
Хат ұсындым үн-түнсіз, бата алмастан.

Хат ұсындым, өзгелер сезбес делік,
Алматыда өткізген кез де - естелік.
Мазмұны жоқ хатымның мазмұны осы,
Біздер әттең ертерек кездеспедік.

Еріндері тұратын діріл қағып,
Хас сұлуы Ғаламның бүгінгі анық.
Сый беруге хақым жоқ, үйленуге,
Керекуге кетті тек жырымды алып.
Оған да тәубе!

## ӨКІНІШТІ

Бастан ассын қиял-қайғым,
Таусылады ғұмыр да.
Өзге жанды сүйе алмаймын,
Сүйе алмаймын шынында.
Кеште өзіңмен болмағанға,
Өкпелейсің, өліп тым.
Таңда оята алмағанға,
Тағат таппай, Көріктім!
Иә, білемін Ай-жұлдыздың
Сәті - ғажап Түн неткен?!
Қолын ұстап қайбір қыздың,
Мен жетісіп жүрдеп пе ең?
Өзімді-өзім неге алдаймын'
(Көкке шаншып төбемді).
Өзіңе оқып бере алмаймын -
Өзің жайлы өлеңді.
Сол өкінішті ...

## ХАТ

Алғашқы кездесерде,
Өзімше гүл бергенмін.
Мен сені сезбесең де,
Еншілеп үлгергенмін.

Қиялым Көгімде ойнап,
Ақыры тұмшаладың.
Ал, қазір өзіңді ойлап,
Қаламға мұң шағамын.

Қой енді, керегі не -
Жүректі қылып мұңды?
Соңғы рет өлеңіме,
Қосайын қылықтымды.

О, неткен кез едің құт,
Түстей боп тайып тұрдың.
Өлеңнің өзенін құт,
Хатымды қайық қылдым...

## АУЫЛДЫ АҢСАУ

(Мирас АСАНҒА)

Жасанды бәрі, сезеді жаным,
Әр заттың мынау кезегі
барын.
Тас қалаңыз да - қолдан
жасалған,
Ауыл ғой - өмір, өзегі жалын!
Ауыл дегенде, өз ұлың өктем,
(Жаһанданудың озығы
неткен?!)
Бас қоса қалсақ, ауылдың
әйтеу,
Жолын айтамыз тозығы
жеткен.
Мектепті айтамыз, басқа
мұңын да,
Қыздарың - үнсіз, жасқақ-
ұлың ба?
Таңырқап іштей қарап қоямыз,
Ноқтасыз жүрген қасқа
құлынға.
Қадірі де артық мұндағы
құздың!
(Амалы қанша ұлдарыңыздың?)
Кешірші, ауыл. Кешірші,
бауыр,
Сырын ұқпасақ
құндағымыздың!
Жуырда ғана жол түскен еді,
Жетеле, Ауыл, зор
күшке мені.
Қымызын жеңгем қалаға
ап кеткен -
Ауылдағы ағай ол тістенеді....



## ӨМІР

Сағың сынады -
Жаның жылайды.
Жаңбыр тынады,
Тағдыр сынайды.
Бұлтың төнеді,
Сыртың шалады.
Төбең шөгеді,
Өлең қалады.
Ұлың өседі,
Пұлың артады.
Бақыт көшеді,
Уақыт сарқады.
Көзің көреді,
Сөзің бұғады.
Жақын сөгеді,
Жатың сұғады.
Темір тозады,
Жебір жұтады.
Нәпсің қозады,
Бақсың тұтады.
Күлің ұшады,
Түнің батады.
Сүйген құшады,
Күйген шатады.
Тілің тамсайды,
Түрің соттайды.
Білек шаршайды,
Жүрек тоқтайды.
Жалғыз сорлайды-
Жар, құз бағады.
Көңіл толмайды,
Өмір ағады-
Осылай...

## ЭКСПРОМТ

Көктемді сүйіп қал гүлі бар,
Өкпеңді жеңдіріп төзімге.
Қамшыдай ғұмырдың біліп ал,
Тамшыдай үлесі өзіңде.

Өлеңге бөлей біл өлкеңді,
Төбеңде тұғырлы Ту ұстап.
Сынатпай сырт көзге көрпеңді,
Сынаптай уақытты уыста.
...шаршайсың ақыры,
шапқылап,
Тамырың тапшы боп дірілге.
Тілекпен келсек те ақ бұлақ,
Жүректен кетерміз түбінде...

## ӨЛЕҢГЕ ӨЛЕРДЕЙ ҚҰШТАРМЫН

Шатпақтап көрейін, шабыт
кел,
Бір өлең - ертеңнің азығы.
Сәбидей жарат та, жарық бер,
Бояу боп нәзіктің наз үні.

Қаламға төс етіп парақты,
Ғаламға ашайын сырымды.
Жырымды қырандай қанатты,
Додаға жетеле дүбірлі.

Көктемде келетін құстардың,
Әуенін әкелші құлаққа.
Өлеңге өлердей құштармын,
Себебін білмеймін бірақ та.

Тағы мен, ұйқыдан безінген,
Қиялды сан түске боятам.
Жаһанды алаңсыз көз ілген,
Жыр оқып оятам...

## ХАҚЫҢ БАР

Хақың бар, ұша ғой Айға да,
Ұша ғой, бағыңды байлама!
Атымды, нөмірім сияқты,
Өшіре саларсың жай ғана.

Тұман боп кеткендей айнала,
Қайғымды ұқпайды-ау
қаймана.
Сен жайлы түс көріп
түнде мен,
Жыр оқып жүремін жай ғана.

Сен жайлы ойымнан арылар,
Сәт тумас екенін шын ұққын.
Шырайлан, шолпыңды
тағып ал,
Қуаныш қарсы алсын,
Қылықтым!
Мен емес, қуаныш басқа-ды,
Үзілді көктемгі жапырақ.
Ұша ғой, Сұлу қыз басқа әні,
Қоштасқан, кездеспей
жатып-ақ.

Біздерге бір әлем керек-ті,
Бір әлем, өзгеден жырақта.
Жаным-ау, дәл осы себепті,
Сағыңды сындырма сынаққа.

Бір әлем, емес тек бұл әлем,
Сүрініп жататын сүйгендер.
Құдай-ау, несіне кінәлі ем?
Әйтеуір, сол құсқа тимеңдер...
Ұшсын ол, хақы бар...

**Қарағанды қаласы.**

## КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ - БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында бірінші басымдықтың үшінші кешенді міндеті - еңбек нарығын жаңғырту. Халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды жаппай кәсіпкерлікке ынталандыру мақсатында биыл ауданымызда жеке кәсіпкерлік ашуды ниет еткен ауыл азаматтарына бизнестің қыр-сырын үйретуді жыл басынан бастаған болатын.



«Бастау бизнес» жобасы бойынша іріктелген ынталылар тобы бес кезеңге бөлініп, әрқайсысы 1 ай сабақ алуда. Тілек білдірушілер қатары әр алуан. Оның ішінде кәсіппен бұрыннан айналысып ісін кеңейтуді ойлаған, кәсібін жаңадан бастағандар да бар. Олар күніне 8 сағаттан дәріс алады. Оқу барысында ынталылармен бизнес ашу және оны жүргізу жайында айтылып, кәсіпкерлік негіздері бойынша жеке кеңестер берілді. Түстен кейін практикалық сабақтарда әр қатысушымен жеке жұмыстар жүргізіледі. «Бастау Бизнестің» мақсаттары мен міндеттері, «Бизнес - сананың психологиясы», «Бизнес - идеяны таңдау» сияқты тақырыптар талқыланып, егжей-тегжейлі ұғындырылуда. «Бизнес жоспар» жасау мәселесі кеңінен талқыланады. Оқу курсын тәмамдағандар өз беттерінше «Бизнес жоспар» жасауды меңгеріп шығады.

Жуырда ынталылар тобының 4-ші кезеңінің 23 тыңдаушыларына сертификат табысталды. Сертификатты бизнес - тренер Абраева Райхангүл Исанқызы, кәсіпкерлер Палатасының директоры Олжас Сейілбеков табыстап, болашақ кәсіпкерлерге табыс тіледі.

Курс бітіргендер сертификат алу арқылы, өз ісін де аша алады. Өйткені бизнес - жаттықтырушы өз тыңдаушыларына бизнес-жоспар жасауды үйретіп, мемлекеттік демеу қаржыны алуға қажетті құжаттарды жинауға, жер қатынастары, лицензия алу, салық заңдылықтары мәселелеріне көмектесіп, ақыл-кеңес береді. Бір айтарлығы бұл бағдарлама бойынша білім алушылардың жасына шектеу қойылмайды.

"Мұқтаж жанға жейтін балық берме, сол балықты аулайтұғын қармақ бер» - «Бастау Бизнестің» қағидасы осы.

**Өз тілшімізден.**

**Кәсіпкерлікке – кең өріс**

## АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ

Еліміздегі шағын және орта бизнестің дамуына айрықша серпін берген «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы арқылы көптеген азаматтар өз істерін ашып жатса, кейбірі өз қаражатымен де кәсібін өрлетіп жатыр. Сондай азаматтардың бірі Байбол Әбдіғалиев өз қаржысына Ақсу-Аюлы ауылы А.Тілеулин көшесі тұрғындары үшін тағы бір монша ашты. Әрине, ірі елді мекенде монша ашу көптік етпейтінін атап өткен жөн. Монша құрылысына 4 миллионға жуық теңге жұмсалған. Бір мезгілде 10 адамды қабылдау мүмкіндігі бар монша бейсенбі, жұма күндері әйелдерге, сенбі, жексенбі, дүйсенбі күндері ерлерге жұмыс жасаса, алдағы уақытта екі бөлек етпекші. Моншаның киінетін, жуынатын, бу бөлмелері арнайы санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жабдықталған. Моншаның ішінде шай ішіп, демалатын бөлме де бар. Моншаға түсу бағасы ересектерге 500 теңге, балаларға 250 теңге болып белгіленген. 2-17-21 немесе 8 7014875408 телефондары арқылы хабарласуға болады.



Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі деген ұғым бар. Осыны терең сезіне білген Байбол Төлеубайұлы жағдайы төмен көп балалы отбасылары үшін моншаға түсуді тегін етіп, әзірге 1 адамды жұмыспен қамтымақ.

"Теңізге тамған тамшыдай" болса да үлес қосып, қайырымдылықты мұрат тұтқан Байболға кәсібің өрлей берсін демекпіз.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**

# ОСЕННИЙ ПРИЗЫВ НА СРОЧНУЮ ВОИНСКУЮ СЛУЖБУ СТАРТУЕТ В КАЗАХСТАНЕ

**В Казахстане стартует осенний призыв на срочную воинскую службу. Осенью 2017 года в Вооруженные Силы, другие войска и воинские формирования Республики Казахстан планируется принять свыше 16 тысяч граждан 1990-1999 годов рождения.**

Призыв начинается в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 16 марта 2017 года №449 «Об увольнении в запас военнослужащих срочной воинской службы, выслуживших установленный срок воинской службы, и очередном призыве граждан Республики Казахстан на срочную воинскую службу в марте,июне и сентябре, декабре 2017 года».

Призыву на срочную воинскую службу подлежат граждане в возрасте от 18 до 27 лет. Призывникам необходимо прибыть в управления и отделы по делам обороны по месту своего воинского учета,где они пройдут медицинское освидетельствование и определение годности к воинской службе.

Как и прежде, комплектование будет осуществляться по экстерриториальному принципу.То есть призывник направляется на службу в другой регион. При отборе и распределении молодого пополнения по воинским частям будут учитываться специальности призывников, полученные до призыва.

Для оперативного решения вопросов о порядке проведения призыва и медицинского освидетельствования в Министерстве обороны Республики Казахстан весь период будет работать «горячая линия».Ответственные должностные лица дадут разъяснение, ответят на все интересующие вопросы граждан. Получить консультацию можно позвонив по телефонам: 8 (7172) 72-13-89 и 72-16-06, 8(71031) 21-9-01.

**Ш.САРБАЕВ,**
**начальник объединенного отдела по делам обороны Шетского района, капитан.**

***Дәрігер кеңесі***

# ЕКПЕ ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ ОЛ НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Балаларға екпе (вакцинация) жасау -ол адам организміне вакцина немесе арнайы тәсілмен дайындалған антигендік қасиеті бар заттарды енгізу арқылы белгілі бір жұқпалы аурудан алдын ала сақтандыру үшін қолданылатын әдіс. Қазіргі кезде алдын ала егу нәтижесінде көптеген жұқпалы аурулар (мысалы, қара шешек) жойылды. Сондықтан, түрлі жұқпалы ауруларға қарсы егудің маңызы зор екеніне ешбір күмән келтірілмейді.

Екпенің не екенін қазіргі ата-аналардың бәрі дерлік білсе де, дегенмен екпе жасатпас бұрын олардың көбінде күмән туғызбайтыны да жасырын емес. Өйткені, қазіргі таңда балаларымызды екпе арқылы қорғап жүрген инфекциялармен бетпе-бет келген адамдар кемде-кем. Осыдан 30-40 жыл бұрын ата-аналарға қызылшаның, полиомиелиттің (салдың), дифтерияның қаншалықты қауіпті екенін түсіндіріп жатпайтын - ол кезде бұл аурудан көз жұмған балалар туралы мысалдарды көптеп келтіруге болатын. Ал, туберкулезбен және көкжөтелмен ауыратын балалардың жөтелі кез келген аулада естіліп жататын.

Ата-аналар баласының таңертең қозғала алмай, аяқ астынан сал болып қалуынан қорқатын. Қазіргі уақытта мүгедектер арбасында отырған ересек адамдар арасында кезінде полиомиелитпен ауырған адамдарды кездестіруге болады. Жыл сайын дүние жүзінде жұқпалы аурулардан мыңдаған адам көз жұмады және көбісі өмір бойы мүгедек болып қалады. Сондықтан, халықты және балаларды вакцинациялауды тоқтатуға болмайтынын түсініп, ескерген жөн. Тек қана алдын алу екпелерін жүргізудің нәтижесінде балаларымызды инфекциялардың қауіп-қатерінен аман сақтауға қол жеткіземіз.

Вакцинациялау тегін медициналық көмектің кепілді көлеміне (ТМККК) енгізілген. Қазақстанда халықты иммундауға байланысты барлық қаржы мәселесін шешуді мемлекет 1995 жылдан бастап өзіне жүктеген. Жыл сайын вакциналар республикалық бюджет қаржысына сатып алынады. Елімізде екпе жасау сәтті жүргізіліп келеді және соңы ауыр түрде асқынулармен өтетін немесе аяқталатын, ең алдымен балаларды ауыр зақымдайтын ауруларға қарсы бағытталған.

Қазіргі уақытта вакцинациялау - егу арқылы балалар мен халықты салға (полиомиелитке), қызылшаға, қызамыққа, туа бітті қызамыққа, құрөзекке, көкжөтелге, туберкулезге, эпидемиялық паротитке (шошқа мойынға), гемофильді инфекцияға, «В» және «А» гепатиті мен тұмауға (гриппке) және тағы басқа жұқпалы аурулардан қорғанудың ең сенімді әдісін қолдану барысында вакцинация - екпелер жасалуда.Жыл сайын әлемде барған сайын жаңарып, жаңадан пайда болған жұқпалы ауруларға қарсы жаңа және сапасы жақсартылған вакцина түрлері ашылуда.

Вакцинациялаудың негізгі мақсаты - ол адам ағзасында иммунитет пайда болу арқылы жұқпалы ауруларды қабылдауға қарсы тұру болса және соның нәтижесінде ауруға шалдығу мен өлім-жітім санын азайтуда өте маңызды. Екпе жасаудың маңыздылығын бағалауда әрбір ата-ана мен жалпы қоғамда толық түсінік болуы өте қажет. Жұқпалы ауруларға қарсы күрестегі бірден-бір құрал халықты егумен толық қамту екенін жұртшылықтың жаппай түсінуі маңызды.

**Т. ІСКӘНДІРОВА,**
**салауатты өмір салты медбикесі.**

## Еске алу



Қарағанды-Сұрыптау мекенінің тұрғыны болған, Босаға елді мекенінің Жаманбұлақ ауылының тумасы, асқар таудай аяулы әкеміз **ИБРАЕВ Төлеген Шегеұлының** 55 жасында тал бесіктен, жер бесікке аттанғанына қыркүйек айының 16-ы күні 40 күн толады.

Алаңсыз едік болғанда арамызда,
Көнеміз ғой тағдырдың басқа салғанына.
Жанарыңнан мейірім төгілетін,
Жан әке нұрлы бейнең санамызда.

40 күн өтті аңсап жоқтағанға,
Әр сәтің еске түсіп сағынғанға.
Алладан тілеп өзіңе дұға бағыштап,
Болсыншы дейміз жаның сенің жәннатта.

Еске алушылар: жұбайы - **Ләззат**, қарындасы- күйеубаласы- **Сейілхан-Қарлыға**, інісі-келіні - **Өтеген-Гүлмира,** балалары - **Алмат-Самал, Армия-Толқын, Аятхан - Гүлзат, Қанат-Айнұр**, **Жанар** немерелері - **Асанәлі, Әнуар** және **жиендері.**

Аяулы әкемізге арналған 40 күндік ас қыркүйек айының 16-ы күні сағат 13.00-ден бастап Қарағанды- Сұрыптау (Сортировка) мекеніндегі мешітте беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, барлық әріптестерді, әкеміздің көзін көрген жандардың бәрін шақырамыз.

## ҮЙ САТЫЛАДЫ

Ақсу-Аюлы ауылы, Жанқұтты би көшесіндегі №120, 4 бөлмелі үй сатылады. Ауласы кең, 0,25 га жер телімі, қора-жайы, моншасы жазғы үйі (кухня) бар. Жалға беруге де келісеміз.

Тел:21-4-32.
Ұялы тел. 8701 2775398

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП САНАЛСЫН

Касымов Канат Молдашевичтің атына 1997-1998 жылы Ә.Ермеков атындағы жалпы орта мектебінен 11 жылдықты бітіргені жөнінде берілген аттестаты жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

16.04.2017 жылы қайтыс болған Балабаев Баймурат Акпеиловичтың атына мұрагерлік іс ашылды.

Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г. Сұлтановаға хабарласуға болады.

Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй.

14.03.2017 жылы қайтыс болған Керимов Серик Кадырбекулының атына мұрагерлік іс ашылды.

Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады.

Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй.

07.08.2017 жылы қайтыс болған Ахметов Мейрам Нуртасовичтің атына мұрагерлік іс ашылды.

Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады.

Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй.

## Көңіл айту

Кеншоқы ауыл әкімдігі, ақсақалдар кеңесі осы әкімдіктің бас маманы

**Әбдіқас Айдын Өмірбекұлы** және **анасы Мара Хасенқызының**

қайғылы қазаға ұшырауына байланысты отбасына және туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## Еске алу







Ақсу-Аюлы ауылының тумалары, асқар таудай әкеміз **БАДАНҰЛЫ Іскәндірдің** фәниден бақиға озғанына 38 жыл, аяулы анамыз **ТӨЛЕУБАЙҚЫЗЫ Мәдинеге** 21 жыл, асыл аға-бауырларымыз **ІСКӘНДІРҰЛЫ Жанатқа** 2 жыл, **ІСКӘНДІРҰЛЫ Талғатқа** 38 жыл, **ІСКӘНДІРҰЛЫ Жаңбырбайға** 4 жыл толып отыр. Осыдан 3 ай бұрын аяулы да қимас бауырымыз, сүйікті қарындасымыз **ІСКӘНДІРҚЫЗЫ Гүлшаһар** ауыр дерттен небары 46 жасында көз жұмды. Бұл қаза бәріміздің қабырғамызды қайыстырып кетті. Дегенмен қолдан келер шара жоқ, бәрі бір Алланың қолында екен. Біз үшін аса қымбатты жандарды еске ала отырып, жатқан жерлері жарық, топырақтары мамық болсын деп рухтарына құран бағыштап, ас береміз.

Ата-ана, бауырлар имандарың кәміл болсын,
Қабірлерің мәңгілік нұрға толсын.
Ұл-қызыңыз, немерелер еске алады,
Торқалы топырақтарың мамық болсын.

Еске алушылар: **Іскәндіровтер, Құдайбергеновтер әулеті, ұлдары-келіндері, қыздары-күйеубалалары, немерелері, шөберелері, туған-туыстары.**

Марқұмдарға арналған ас 17-ші қыркүйек күні "Тілек" дәмханасында сағат 13.00 -де беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, әке-шешеміздің, бауырларымыздың көзін көрген замандастарын, достарын шақырамыз.





## Еске алу

Төменгі Қайрақты ауылының тумасы, Ақадыр кентінің тұрғыны болған, ардақты әке, асыл жар, немерелерінің сүйікті атасы **Саян МАЛТАБАРҰЛЫНЫҢ** бақилық болғанына қыркүйектің 20-шы жұлдызында 40 күн толады. Әкемізді сағына еске алып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп, рухына дұға бағыштаймыз.



Тең келмейтін алтын да еш қолдағы,
Өзің едің, әке үйдің зор бағы.
Жарық берер айымыздай көктегі,
Болушы едің жанымыздың қорғаны.

Біздер үшін асқар едің, шың асқақ,
Сенсіз қалды жанымыз да тым ақсап.
Жанарларды жәудіретіп мәңгілік,
Кеттің әке, жанымыздан жырақтап.

Еске алушылар: **жұбайы, балалары, немерелері, бауырлары.**

Марқұм әкеміздің 40 күндік асы 20-шы қыркүйекте Ақадыр кентіндегі «Серік» дәмханасында сағат 12.00-ден бастап беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, әкеміздің замандастарын, балаларының жора-жолдастарын, әріптестерін шақырамыз.

## Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған сүйікті ұл, асыл жар, қимас бауыр, ардақты әкеміз **ТИШМАҒАНБЕТОВ Қайрат Мағауияұлының** бақилық болғанына 40 күн толады. Әр күн сайын әкеміздің аты аталса, жансыз бейнесін көрсек жүрегіміз елжіреп, сағыныштан көзімізге жас келеді. Әкеміз қадірлі ұстаз, балаларына қымбатты әке еді. Әкеміздің орны ойсырап, көңіліміз жабырқап жүр. Әкемізге Алладан мейірім, Пайғамбардан шапағат тілеп, жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын деп рухына дұға бағыштаймыз.



Ардақты жан едің қадірлі маңайыңа,
Қысқа ғұмыр жазылды маңдайыңа.
Сағынып еске аламыз сені әке,
Егіліп суретіңе қараймыз да.

40 күн өтті сіз жоқсыз арамызда,
Сағынып жиі еске аламыз да.
"Әке" деген ең биік қастерлі есім,
Мәңгі бақи сақталар санамызда.

Еске алушылар: анасы - **Марал**, жұбайы - **Қызғалдақ**, бауырлары, балалары - **Тілек, Жансая-Асқар, Ботагөз-Айбол, Аяулым, Гүлмира.**

Марқұмның 40 күндік асы 15-ші қыркүйек күні "Жанқұтты би" мешітінде сағат 11.00-ден бастап беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, жора-жолдастарды, мекеме-ұжымдарын, әкеміздің әріптестерін шақырамыз.

## ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА 11 қыркүйектен 17 қыркүйекке дейін

### ДҮЙСЕНБІ, 11-қыркүйек

**Қазақстан**

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан.
9.00, 13.00, 17.00, 20.00, 23.45 Жаңалықтар, новости. 10.00, 0.55 HIT QAZAQSTAN.
10.35 Мерейлі отбасы. 11.00 Апта.
12.05, 21.45 «Іңкәр жүрек», т/х.
13.15, 2.35 Бірге таңдаймыз.
14.10, «22.40 «Ертұғырыл» т/х.
15.00 Әйел бақыты.
16.05, 19.00 Т/х «Ақ пен қара».
17.15, 0.35 Елден хабар.
17.30 «Мен қазақпын».
17.50, 0.45 EXPO – ғылым мекені.
18.00, 1.30 Мәселе.
18.30, 2.05 Менің Қазақстаным.
20.30, 0.15 Басты тақырып.
20.50 Қаракет. 23.35 Дабыл.
3.20 Көңіл толқыны.

**Хабар**

7.00, 1.40 «Ауырмайтын жол ізде».
7.30, 8.10, 9.10 Жаңа күн.
8.00, 9.00, 12.00, 13.00, 19.00, 21.00, 1.10, 2.45 Жаңалықтар, новости.
10.00 Т/с «Вишневый сезон».
11.00 Мечты сбываются. 11.30 «Өмір жолы».
12.10, 16.45, 17.20 Мерейлі отбасы.
12.30 Сиқырлы ас үй.
13.10, 18.00 Т/с «Женская консультация».
14.10, 23.30 Т/с «Такая работа».
15.10 «Көрімдік. 15.30 Біздің назарда.
15.45 Сана. 16.15 «Тағдыр тартысы».
17.00 Народный контроль.
18.55 Негізінде. 19.35 Бетпе-бет.
20.00 Арнайы хабар.
20.30 Бюро расследований.
20.55 По сути.
21.35 «Батыл жүрек» т/х.
23.00 «Взгляд в будущее».
0.30 «Ғашық жүрек» т/х.
2.10 «Заң бойынша».

**Евразия**

6.00, 18.00, 20.00 Жаңалықтар, новости.
6.05 Жить здорово! 7.00 Доброе утро.
10.00 Поле чудес.
11.05, 2.55 Басты патруль.
11.15, 23.00 П@утina.
12.00 «Қалаулым» т/х.
15.00 Т/с «Между нами, девочками».
15.55 На самом деле.
16.55 Пусть говорят.
18.45, 3.45 «20 минут» т/х.
20.45, 23.55 Х/ф «Фамильные ценности».
1.05 Т/с «Королева игры».
3.05 «Алаулаған сезім» т/х.
4.35 Модный приговор.

### СЕЙСЕНБІ, 12-қыркүйек

**Қазақстан**

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан.
9.00, 13.00, 17.00, 20.00, 23.45 Жаңалықтар, новости. 10.00, 0.45 HIT QAZAQSTAN.
10.35, 17.30 Мерейлі отбасы.
10.50 «Қалампыр», т/х. 11.25 Қызық екен…
12.10, 21.45 «Іңкәр жүрек» т/х.
13.15, 2.25 Бірге таңдаймыз.
14.10, 0.35 «Ертұғырыл» т/х.
15.00 Әйел бақыты.
16.05, 19.00 Т/х «Ақ пен қара».
17.10, 0.35 Елден хабар.
17.50, 2.05 «100 бизнес-бастауы».
18.15, 1.20 Ене мен келін.
20.30, 0.15 Басты тақырып.
20.50 «Қаракет». 23.35 Дабыл.
3.10 «Ару ана».

**Хабар**

7.02, 2.10 «Ауырмайтын жол ізде» д/ф.
7.30, 8.10, 9.10 Жаңа күн.
8.00, 9.00, 12.00, 13.00, 19.00, 21.00, 1.40, 3.15 Жаңалықтар, новости
10.00 Т/с «Вишневый сезон».
11.00, 20.05 «Қария» т/х.
12.10, 16.40, 19.35 Мерейлі отбасы.
12.30 Сиқырлы ас үй.
13.00, 18.00 Т/с «Женская консультация».
14.00, 23.00 Т/с «Такая работа».
15.00 «Пәленшеевтер».
15.30 Біздің назарда. 15.45 Біздің үй.
17.00 Народный контроль
17.15 Давайте говорить.
18.55 Жаһандық саясат.
20.55 Большая политика.
21.35 «Батыл жүрек» т/х.
0.00 «Ғашық жүрек» т/х.
1.00 «Тағдыр тартысы». 2.40 «Заң бойынша».

**Евразия**

6.00 Жить здорово!
6.45, 10.00, 18.00, 20.00 Жаңалықтар, новости. 7.30 Доброе утро.
10.00 Т/с «Красавица».
11.05, 2.55 Басты патруль.
11.15, 23.00 П@утina. 12.00 «Қалаулым».
15.00 Т/с «Между нами, девочками»
15.55 На самом деле. 16.55 Пусть говорят.
18.45, 3.45 «20 минут» т/х.
20.45, 23.55 Т/с «Фамильные ценности».
1.05 Т/с «Королева игры».
3.05 «Алаулаған сезім» т/х.
4.35 Модный приговор.

### СӘРСЕНБІ, 13-қыркүйек

**Қазақстан**

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан.
9.00, 13.0, 17.00, 20.00, 23.45 Жаңалықтар, новости. 10.00, 0.50 HIT QAZAQSTAN.
10.35, 17.30 Мерейлі отбасы.
10.50 «Қалампыр» т/х. 11.25 Қызық екен.
12.10, 21.45 «Іңкәр жүрек» т/х.
13.15, 2.45 Бірге таңдаймыз.
14.10, 22.40 «Ертұғырыл», т/х.
15.00 Әйел бақыты.
16.05, 19.00 «Ақ пен қара».
17.15, 0.40 Елден хабар.
17.50, 2.30 «Кәсіп пен нәсіп».
18.15, 1.25 Ене мен келін.
20.30, 0.20 Басты тақырып.
20.50 «Қаракет». 23.35 Дабыл.
2.10 Ақсауыт.

**Хабар**

7.02, 2.10 «Ауырмайтын жол ізде».
7.30, 8.10, 9.10 Жаңа күн.
8.00, 9.00, 12.00, 13.00, 19.00, 21.00, 1.40, 3.15 Жаңалықтар, новости.
10.00 Т/с «Вишневый сезон».
11.00, 20.05 «Қария» т/х.
12.10, 16.40, 19.35 Мерейлі отбасы.
12.30 Сиқырлы ас үй.
13.10, 18.00 Т/с «Женская консультация».
14.10, 23.00 Т/с «Такая работа».
18.00 «Пәленшеевтер» т/х.
15.30 Білу маңызды. 15.45 Біздің үй.
17.00 Важно знать. 17.15 Давайте говорить.
18.55 Негізінде. 20.55 По сути.
21.35 «Батыл жүрек» т/х.
0.00 «Ғашық жүрек» т/х.
1.00 «Тағдыр тартысы».
2.40 «Заң бойынша».

**Евразия**

6.00 Жить здорово!
6.45, 18.00, 20.00 Жаңалықтар, новости.
7.30 Доброе утро.
10.00 Т/с «Красавица».
11.05, 2.55 Басты патруль.
11.15, 23.00 П@утina.
12.00 «Қалаулым».
15.00 Т/с «Сваты».
15.55 На самом деле. 16.55 Пусть говорят.
18.45, 3.45 «20 минут» т/х.
20.45, 23.55 Х/ф «Фамильные ценности».
1.05 Т/с «Королева игры».
3.05 «Алаулаған сезім» т/х.
4.35 Модный приговор.

### БЕЙСЕНБІ, 14-қыркүйек

**Қазақстан**

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан.
10.00, 0.50 HIT QAZAQSTAN.
10.35, 17.30 Мерейлі отбасы.
10.50 «Қалампыр» т/х. 11.25 Қызық екен.
12.10, 21.45 «Іңкәр жүрек» т/х.
13.00, 17.00, 20.00, 23.50Жаңалықтар, новости.
13.15, 2.35 Бірге таңдаймыз.
14.10, 22.40 «Ертұғырыл» т/х.
15.00 Әйел бақыты.
16.05, 19.00 «Ақ пен қара» т/х.
17.15, 0.40 Елден хабар.
17.50, 2.10 Жарқын бейне.
18.15, 1.25 Ене мен келін.
20.30, 0.20 Басты тақырып.
20.50 «Қаракет». 23.35 Дабыл.
3.20 Көңіл толқыны.

**Хабар**

7.02, 2.10 «Ауырмайтын жол ізде».
7.30, 8.10, 9.10 Жаңа күн.
8.00, 9.00, 12.00, 13.00, 19.00, 21.00, 1.40, 3.15 Жаңалықтар, новости.
10.00 Т/с «Вишневый сезон».
11.00, 20.05 «Қария» т/х.
12.10, 16.40, 19.35 Мерейлі отбасы.
12.30 Сиқырлы ас үй.
13.10, 18.00 Т/с «Женская консультация».
14.10, 23.00 Т/с «Такая работа».
15.00 «Пәленшеевтер» т/х.
15.30 Білу маңызды. 15.45 Біздің үй.
17.00 Важно знать.
17.15 Давайте говорить. 18.55 Негізінде.
20.50 Открытый диалог.
21.35 «Батыл жүрек» т/х.
0.00 «Ғашық жүрек» т/х.
1.00 «Тағдыр тартысы».
2.40 «Заң бойынша».

**Евразия**

6.00 Жить здорово!
6.45, 18.00, 20.00 Жаңалықтар, новости.
7.30 Доброе утро.
10.00 Т/с «Красавица».
11.05, 2.55 Басты патруль.
11.15, 23.00 П@утina.
12.00 «Қалаулым».
15.00 Т/с «Сваты».
15.55 На самом деле.
16.55 Пусть говорят.
18.45, 3.45 «20 минут» т/х.
20.45, 23.55 Т/с «Фамильные ценности».
1.05 Т/с «Королева игры».
3.05 «Алаулаған сезім» т/х.
4.35 Модный приговор.

### ЖҰМА, 15-қыркүйек

**Қазақстан**

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан.
10.00, 1.10 HIT QAZAQSTAN.
10.35, 17.30 Мерейлі отбасы.
10.50 «Қалампыр». 11.25 Қызық екен…
12.10, 22.05 «Іңкәр жүрек» т/х.
13.00, 20.00, 0.40 Жаңалықтар, новости.
13.15, 2.50 Бірге таңдаймыз.
14.10, 23.00 «Ертұғырыл», т/х.
15.00 Әйел бақыты.
16.20, 19.00 «Ақ пен қара» т/х.
17.15 Елден хабар.
17.50 Екінші Дүниежүзілік соғыс және Қазақстан. 18.15 Ене мен келін.
20.35 «Сазгер». 23.50 Дабыл.
0.05 «Парасат майданы». 1.45 Дара жол.

**Хабар**

7.00 «Ауырмайтын жол ізде».
7.30, 8.10, 9.10, 15.45 Жаңа күн.
8.00, 9.00, 12.00, 13.00, 19.00, 21.00 Жаңалықтар, новости.
10.00 Т/с «Вишневый сезон».
11.00, 20.10 «Қария» т/х.
12.10, 16.45, 19.35 Мерейлі отбасы.
12.30 Сиқырлы ас үй.
13.10, 17.45 Т/с «Женская консультация».
14.10 Т/с «Такая работа».
15.10 «Пәленшеевтер» т/х.
16.15 «Тағдыр тартысы».
17.00 Народный контроль. 17.15 Bilim.
18.55 Жаһандық саясат.
20.55 Большая политика.
21.35 «Батыл жүрек» т/х.
23.00 Х/ф «Посейдон».
1.00 «Ақ күн» т/х. 2.00 «Құрбылар».

**Евразия**

6.00 Жить здорово! 6.45 Жұма уағызы.
7.00, 18.00, 20.00 Жаңалықтар, новости.
7.45 Доброе утро.
10.00 Т/с «Красавица».
11.05 Басты патруль. 11.15, 23.00 П@утina.
12.00 «Қалаулым». 15.00 Х/ф «Вьюга».
16.45 Жди меня.
18.45, 3.45 «20 минут» т/х.
20.45 Поле чудес.
22.00, 23.55 Т/с «Вторая жизнь».
2.45 «Алаулаған сезім».
4.35 Модный приговор.

### СЕНБІ, 16-қыркүйек

**Қазақстан**

6.05 Концерт. 7.55 «Айналайын» т/х.
9.00 «Сенбілік таң».
10.10, 2.20 HIT QAZAQSTAN.
11.05 Мерейлі отбасы.
11.30 «Ел ішінде». 11.50 Әзіл әлемі.
13.10 «Сенің орныңда». 13.40 М/ф.
15.00 К/ф «Қазына». 17.50 Жайдарман.
19.05, 2.55 Ене мен келін.
20.00 Мәселе. 20.35 Сенбілік шоу.
21.10 Көңілашар.
22.30 К/ф «Лашықтан шыққан миллионер».
0.40 Т/с «Шерлок».

**Хабар**

7.02 Қалжың қоржыны.
8.40 Өзін-өзі тану.
8.50 Ас-арқау.
9.10 Әңгіменің ашығы.
10.00 Мерейлі отбасы.
10.30 Я-чемпион. 11.00 М/ф.
11.30 Х/ф «Колдунья».
13.20 Хабарлайын.
13.50 Қызықtimes.
14.40, 1.15 «Ақ күн» т/х.
15.30 Х/ф «Посейдон».
17.30 «Өмір жолы».
18.00 Мечты сбываются.
18.30 Компромат.
19.15 Жұлдызды жекпе-жек.
21.00 Жеті күн.
22.00 Кто хочет стать миллионером.
23.15 Х/ф «Мальчики налетчики».
2.15 «Құрбылар» т/х.

**Евразия**

6.00, 4.25 Идеальный ремонт.
6.45, 21.00 Жаңалықтар.
7.25 Т/с «Копье судьбы».
8.30, 5.10 Той заказ
9.00 Смак.
9.40 Х/ф «Спешите любить».
11.45 Фабрика грез.
12.05, 2.40 Ayel siri.
13.05 Тамаша City.
14.00, 23.00 П@утina+.
15.00 Х/ф «Гроза над Тихоречьем».
19.45 Добрый вечер, Казахстан!
21.40, 3.25 Кешкі кездесу.
0.00 КВН.
1.55 Теория заговора.

### ЖЕКСЕНБІ, 17-қыркүйек

**Қазақстан**

6.05 Концерт.
6.55, 18.00 Кәсіпқой бокс. Г.Головкин – С.Альварес.
10.30 Таңшолпан.
12.30, 2.00 «Ұлы дала ұлағаты».
13.00 «Сазгер».
14.35, 2.30 «24 сағат табиғат құшағында».
15.10 К/ф «Қазына».
19.00 Апта. 20.00, 1.10 Бірінші студия.
20.50 Мен қазақпын.
22.15 Көңілді тапқырлар алаңы.
0.20 «Өмірдің өзі новелла» т/х.
3.00 Көңіл толқыны.

**Хабар**

7.02 Қалжың қоржыны.
8.30 Самопознание.
8.40 Продвопрос.
9.00 М/ф.
10.00 Магия кухни.
10.30 Тайны. Судьбы. Имена.
11.30 Кто хочет стать миллионером.
12.45 Жұлдызды жекпе-жек.
14.30 Х/ф «Мальчики-налетчики».
16.30 Концерт.
18.15 Мерейлі отбасы.
19.45 Қызықtimes.
21.00 Жеті күн.
22.00 Биле, Қазақстан!
23.50 «Ақ күн» т/х.
0.50 «Құрбылар» т/х.

**Евразия**

6.00 Идеальный ремонт.
6.45 Т/с «Копье судьбы».
7.35 Жаңалықтар.
8.20 Той заказ.
8.45 Воскресные беседы.
9.00 Т/с «И в горе, и в радости».
12.50, 2.45 Ayel siri.
13.45, 23.00 П@утina+.
14.55 «Один на один».
15.45 Т/с «Безопасность».
20.00 Аналитика.
21.00, 3.30 Тамаша City.
22.00, 4.15 Той базар.
0.00 КВН.

# ПРОФСОЮЗЫ: "ТРАДИЦИОННЫЕ" и "АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ"

## липовые, существующие только на бумаге

Оглядываясь на «цивилизованную» Европу, нам уже становится привычной телевизионная картинка, когда возбужденная толпа лезет на полицейские баррикады. Зачастую причиной подобных событий является недовольство действующим трудовым законодательством, причем спичку к бочке с порохом подносят профсоюзы. В Казахстане, слава богу, с палками и камнями на полицейских никто не бросается - и для этого есть ряд предпосылок.

Само словосочетание «профсоюз» подразумевает такое понятие как «союз профессионалов», призванный защищать трудовые и социальные права работников. Вместе с этим заметим, что реальные результаты, к которым стремится любая общественная организация, достигаются только единством действий, жесткой исполнительской и финансовой дисциплиной. Однако именно этих качеств профсоюзам в Казахстане не хватало. Поэтому не случайно, что еще в 2014 году в стране был принят новый закон «О профсоюзах», который способствовал устранению «белых пятен» в отечественном законодательстве и опирался на казахстанские же реалии. Таким образом решалась проблема, созданная на протяжении 20 лет самими профсоюзами, кардинальное решение которой было возможно только при жесткой законодательной регламентации. Речь идет об организационном строении профсоюзов, претерпевших значительные изменения и превративших когда-то мощную профсоюзную структуру, действующую на принципах демократического централизма, в разрозненные «удельные княжества»

Однако эти же «удельные княжества» и остались недовольными - ряд общественных деятелей и правозащитников стали говорить, что новый документ ущемляет их права и лишает независимости. Оказалось, что «независимые» профсоюзы являются таковыми, потому что независимо от мнения трудовых коллективов выражают протесты. Эти протесты зачастую нелепы и не обоснованы, поэтому вполне понятным становится то недоверие, которое испытывают работники к профсоюзным лидерам. Наглядным является пример Конфедерации независимых профсоюзов Казахстана, закрытой в начале 2017 года. Согласно действующему законодательству еще в 2016 году она должна была открыть отделения как минимум в 9 регионах страны, однако это требование оказалось невыполнимым - не нашлось достаточного количества сторонников. По решению суда организация была закрыта и даже ее лидер Лариса Харькова признала это требование законным.

А спустя полгода та же самая Лариса Харькова была приговорена к четырем годам ограничения свободы, поскольку была уличена в хищении профсоюзных денег и мошенничестве. Спрашивается, а сколько еще руководителей профсоюзных организаций удовлетворяют личные амбиции за счет членских взносов рядовых работников?

Впрочем, вернемся к действующему законодательству. Как мы уже говорили, закон «О профсоюзах» предусматривает их четкую иерархию, гарантирует строгую вертикаль деятельности, что априори служит скрепом для профсоюзного сообщества. Кроме того, закон сам регламентирует необходимость кооперации профсоюзов по отраслям. В то же самое время международный опыт являет собой парадоксальную кладезь двойных стандартов. В частности, с одной стороны предоставляет профсоюзам широкий коридор выражения протестов, а с другой - репрессивный механизм подавления этих же самых протестов. За наглядными примерами далеко ходить не надо. Забастовка в турецкой провинции Маниса собрала почти 20 тысяч человек, и для их разгона полиция была вынуждена применить слезоточивый газ и водометы. Для разгона 70-тысячной массы людей в Париже, собранных на стихийном митинге по инициативе местных профсоюзов, которые были недовольны поправками внесенными в трудовое законодательство, правительство также отдало приказ о применении слезоточивого газа.

Подобные события в Казахстане представляются немыслимыми. Что же мы имеем в итоге? Как показывает практика, крупные забастовки в западных странах за редким исключением приводили к удовлетворению 1-3% требований профсоюзов. В основном они заканчивались ничем. Такова суровая практика капитализма - сказывается переизбыток дешевой рабочей силы в развитых странах, вследствие чего предложение рабочей силы в разы превышает спрос. Это закон рынка или западная модель развития, о которой так любят говорить наши правозащитники.

Еще одним положительными моментом закона «О профсоюзах» стал тот факт, что с его помощью в среде общественных организаций прошел своего рода естественный отбор. К примеру, при перерегистрации выяснилось, что около половины казахстанских профсоюзов - просто липовые, существующие только на бумаге. А если они даже и работали, то большей частью формально, будучи созданными под какого-то конкретного работодателя и выполняя чью-то субъективную волю. И новый закон в этом смысле сыграл положительную роль, позволив провести ревизию в профсоюзном хозяйстве. Только половина из ранее зарегистрированных организаций смогли подтвердить свой статус. Образно говоря, прошла чистка «авгиевых конюшен» от ненужного балласта.

Резюмируя вышесказанное, можно констатировать, что на сегодняшний день профсоюзы в Казахстане являются одним из наиболее действенных институтов социальной защиты граждан. Потому что трудовые споры решаются цивилизованными методами, без истерик и конфликтов. При этом никто не говорит, что существующие профсоюзы совершенны - и отечественное законодательство, и общественные организации должны модернизироваться в угоду современным реалиям.

**А.ИБРАЕВ,**
**председатель профкома**
**Шетского района.**

**Мектептен хабар**

# СЫҢҒЫРЛА ҚОҢЫРАУ, СЫҢҒЫРЛА

Дәстүрлі 1- қыркүйек Білім күніне орай «Сыңғырла, қоңырау, сыңғырла» атты салтанатты мереке Ақжал негізгі мектебінде де аталып өтті.



Алғашқы қоңырау мерекесіне Ақжал кенті округі әкімі М.Молыбаев, «NOVA-Цинк» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің әлеуметтік сұрақтар бойынша бөлім бастығы Н.Нұрмағанбетов,ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО халық депутаты, КСРО Жоғары Кеңесінің мүшесі, зейнеткер Ә.Жанасбаев, Ақжал кентінің бас имамы Б.Әбілмашев, аудандық білім бөлімінің әдіскері Т.Меңдібаева, кентттің ақсақалдар алқасының төрағасы С.Қамбаров, кенттегі мемлекеттік мекемелердің басшылары, ата-аналар шақырылды. Салтанатты жиын ҚР Мемлекеттік туын көтеріп, Әнұран айтумен басталды. Шақырылған қонақтар құттықтау сөз сөйлеп, алдағы оқу жылына табыстар тіледі. «NOVA-Цинк» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің әлеуметтік сұрақтар бойынша бөлім бастығы Н.Нұрмағанбетов 1-сынып оқушылары мен ата-аналарын жаңа өмірге аяқ басқан жаңа күндерімен құттықтады. Сонымен қатар кәсіпорынның атынан 1-сынып оқушыларына оқу құралдары салынған сөмкені табыс етті. Жиында мектеп директоры Е.Үдешов мектеп ұжымын және оқушыларды білім күнімен құттықтады. Сондай-ақ, «Nova-Цинк» ЖШС-нің басшыларына мектеп ұжымы мен ата-аналар атынан алғыс білдірді. Бұл жұмыстың «Мектепке жол» акциясы аясында өткізіліп отырғандығына тоқталып, барша ұстаздар қауымына шығармашылық табыс, кәсіби тұрғыда өсу және талантты шәкірттер тіледі.

Білім күніне арналған алғашқы қоңырау соғу құрметі оқу озаттары Сағынтай Гүлзат пен Оңғар Нұрәділге, және 1-сынып бүлдіршіндеріне бұйырды. Бұдан соң әр сыныпта алғашқы Білім күніне арналған тәрбие сағаттары өткізілді.

**(Өз тілшімізден).**

# АҚАДЫР КЕНТІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген әкімшілік аумақтық бірліктерге, елдімекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезіндегі тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес 2017 жылдың 9 қазан күні сағат 16.00-де Мәдениет үйінің ғимаратында Ақадыр кентіндегі тарихи тұрғыда ескірген көшелерді қайта атау бойынша жергілікті қоғамдас-тық жиналысы өтеді.

Барлық ұсыныстар мен ескертпелер Ақадыр кенті, Тәуелсіз Қазақстан көшесі, 4 мекен-жайында орналасқан Ақадыр кенті әкімінің аппаратында және Шет ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде қабылданады.

# Құттықтаймыз!

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, ардақты әке, немерелерінің асыл атасы **ҚАЙЫРБЕКОВ Төлеубек** 6-шы қыркүйек күні 65 жасқа толып отыр.Шаңырағымыздың тірегі, алып бәйтерек, ардақты әкемізге өмірдегі бар жақсылықты тілейміз. Шуақты күндеріңіз көп болып, қуанышқа толы ғұмыр кешуіңізге тілекшіміз. Асқаралы белестен асып, желкенді жетпіске аяқ бастыңыз. Алла сізге сеңгірлі сексенмен, торқалы тоқсанды көруге нәсіп етсін.



Ардақты әке аялаған ұл-қызын,
Жана берсін мәңгі бақи жұлдызың.
Өсе берсін өркен жайып өрісің,
Немерелер көбейсінші құндызың.

Жүз жасаңыз нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз шаттаныңыз күліңіз.
Немерелер қызығына бөленіп,
Ардақты әке, ортамызда аман-есен
жүріңіз.

Игі тілекпен, құттықтаушылар: балалары **- Әсия, Ерболат-Әсел, Жанболат- Рауана, немерелері.**

**Ұлттық отбасы күні**

# ОТАН - ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

*Отбасы - сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан. «Отан-отбасынан басталады» дегендей отанды сүю- отбасынан басталатыны рас. Себебі, отбасы-бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы-оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Отбасы-табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуге отбасы-алғашқы қадам. Отбасы- өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ деп ойлаймын. Отбасының басты қызығы, алтын тіреу діңгегі- бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол.Отбасының әрбір мүшесі өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың, міндетін ат-қару ғана емес, береке-бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз. Ата мен ана-бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі. Ата-асқар тау, Ана - бауырдағы бұлақ, Бала -жағасындағы құрақ- деп ата - ана мен баланы табиғаттың тамаша құбылыстарына теңеген халық мақалына қайран қаларсың.*

*Адалдық пен мейірімділік, жауапкершілікпен кешірімділік те отбасында шын ықылас пейілменен баланың көкірегінде орын тебеді. Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін ана, бұлар - жанұя мектебінің ұстаздары болады. Әке мен ананың баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері-баланың «әдепті» болып өсуі. Қазақ халқы отбасындағы тәрбиені ең бірінші орынға қойған. Ата-ана балаларына қандай тәрбие берсе, ертең ол бала өскенде сол тәрбие арқылы өмірдің жаңа баспалдақтарынан өтеді.«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп қазақ халқы бекерге айтпаған. Бала тәрбиесі ол дүниеге келген алғашқы күннен басталады.Ұлын ұлтжанды, қызын инабатты, сыпайы етіп өсіру ол әр ата - ананың міндеті болып табылады.*

*Даналықтың мектебі болған ата-бабаларымыз: “Адамның басшысы - ақыл, шолушысы - ой, жетекшісі -талап, қорғаушысы - сабыр, сынаушысы - халық, таусылмайтыны - арман, ең қымбаттысы- ар сақтау, бәрінен ардақтысы - өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі - сыйластық», (Төле би), - деген екен. Шындығында да, отбасы берік болуының негізгі қағидасы адам бойындағы осы қасиеттерге негізделсе керек. Басшысы нәфсі, ашу немесе өсекаяң емес, әрдайым ақылын басшылыққа алса, ой таразысына салып шешім қабылдап, бақытты отбасын құруға талаптанса, ең мықты қорғаушы- сабырды серік етіп, арын- бәрінен де қымбат санаса және ең бастысы өмірін ардақтап, оны сыйластықтың бал шырынымен сусындатса - міне, бұл отбасы бақытының кілті болар еді. Ал бақытты отбасы болашақта ұлы тұлғаларды дүниеге әкелуге қабілетті болмақ.*

***М.ӘБІШЕВА,***
***жалпы тәжірибиелі дәрігер.***

# БІЛІМ МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ

Білім күні мерекесі Берекетті ауылында жылдағы дәстүрге сай аталып өтті. Аталмыш білім шаңырағына жұртшылық қауым салтанатты сипатта жиналды.

Бұдан соң мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер мен сынып оқушылары құрметпен шақырылды.

Мектеп директоры мектепке алғаш келген бүлдіршіндерді, қонақтарды жаңа оқу жылымен құттықтады.

Мерекенің алғашқы күні “Мен-елімнің патриотымын” атты тәрбие сағаты өткізілді.Тәрбиелік-іс шараның мақсаты - жас ұрпақтың жан-жақты дамуына, патриоттық тәрбиеленуіне көп әсер ететінін түсіндіре білу. Балалардың белсенді, білуге құмар, іскерлік, эмоциялық елгезек дағдыларын бойына сіңіруге де көп әсерін тигізеді.Мектеп мұғалімдері оқушыларды жаңа үлгілік оқу жоспарымен таныстырып, жаңартылған оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты педагогтарға тәрбие мен оқыту жұмысын ұйымдастыруда жаңашыл тәсілдерді пайдалану басты қажеттілік екенін айтып өтті.

Мерекелік іс-шара тартымды да қызықты өтті.

Сондай-ақ, мектепке келген жас маман М.Галиева да құттықтау тілегін білдірді.

**А.ЖҰМАЖАНОВА,**
**Берекетті бастауыш метебінің мұғалімі.**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

2017 жылы қазан айында Қарағанды қаласында өтетін қазақ күресінен 1998 - 1999 ж.т жастар, 2000-2001 ж.т, 2002-2003 ж.т жасөспірімдер арасында облыстық «Жас Барыс» атты турниріне қатысу үшін, ауданның құрама командасын іріктеу мақсатында I кезең ауылдық аймақтарда 3 топқа бөлініп өткізіледі.

8-қыркүйек Ақадыр кентінің аймақтық іріктеу турнирі.

12-қыркүйек Ақой ауылының аймақтық іріктеу турнирі.

15-қыркүйек Ақсу-Аюлы ауылының аймақтық іріктеу турнирі.

Аймақтық іріктеу турнирінің I-II-III орын алған спортшылар 23 қыркүйек күні өтетін аудандық іріктеу турниріне жолдама алады.

23 қыркүйек күні қазақ күресінен аудандық “Жас Барыс” атты турнир өткізіліп, аудан құрама командасы іріктелетінін хабарлаймыз.

**АУДАНДЫҚ ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ.**

Шет шұғыласы

Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті
Директор-редактор
**Мейрам Дәулетбекұлы СӘДУАҚАСОВ**

**Құрылтайшысы және меншік иесі:** “Шет аудандық “Шет шұғыласы” газетінің редакциясы ЖШС-і. **Редакция мекен-жайы:** Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. **Газет** аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 3274 дана. **Газеттің** басылу сапасына “Арко” баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. **Газет** редакцияда теріліп, беттелді. **тел/факс:** 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72. **Эл. пошта:** Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы “АРКО” баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

**Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы,** жауапты хатшы тел. 50-9-03
**Малтабаров Берік Бергенұлы,** компьютер орталығының жетекшісі тел. 50-9-03
**Шыңғыс Мұқаев,** Ақадыр өңірі бойынша тілші тел: 8 7754474955
**Бухгалтерия** тел. 79-0-81

**Газет** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2012 жылдың желтоқсан айының 19 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы № 13228-Г куәлігі берілген.

**Нөмірге жауапты С.ЖОСАЛБАЙ**